

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОИНФОРМАТИКА КАФЕДРАСЫ

География және табиғатты пайдалану
факультетінің деканы

В.Г.Сальников

қағғама № 1 « 23 » 06. 2016 ж.



**5В07100-ГЕОДЕЗИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ МАМАНДЫҒЫ
ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

4 курс

8 семестр

Практика мерзімі –4 апта

Алматы, 2016

«5B07100-Геодезия және картография» мамандығы бойынша өндірістік практиканың бағдарламасын дайындаған картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы Р.О.Турапова

Картография және геоинформатика кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

№ 34 хаттама «26» 04. 2016 ж.,

Кафедра меңгерушісі  Х.М. Касымканова

Факультеттің әдістемелік (бюро) кеңесінде ұсынылды

хаттама № 6 «04» 05. 2016 ж.

Төрағасы (Төрайымы)  К. Ж. Дүйсебаева

I. Практиканың мақсаты мен міндеттері

Студенттердің өндірістік практикасы оқу үдерісі кезінде теориялық алған білімдерін тереңдету және бекіту мақсатында, өзіндік жұмыстары кезінде жаңалықтар ашуына мүмкіндік ала отырып, іске асады. Практика барысында студент өз мамандығы бойынша тәжірибе жинап қана қоймай, өзінің бітіру жұмысына қажетті құжаттар мен материалды жинайды. Студент практикада геодезиялық жұмыстардың жүргізілуін, жаңа аспаптармен жұмыс істеуді, қазіргі заманғы бағдарламаларды қолдана білуді және түрлі тақырыптағы карта тұрғызуда қолданылатын әртүрлі әдістер мен амалдарды игеруі керек. Картаның әртүрлі көздер арқылы түсірудің картографиялық технологиясын үйрену керек. Сандық және электронды карталарды құрастру бойынша оқу жылы бойы алынған теориялық білімдерін бекіту керек. Картография саласындағы жаңа ГАЖ-технологиясымен толық танысу керек. Барлық өндірістік операциялар кешенін игеру, шаруашылық әрекеттерге талдау жүргізе алуы қажет. Студенттер өндірістік практикасын мамандық бойынша мекемелерде және кәсіпорындарда қосымша инженер-техник міндеттерін орындауда, ваканттық қызмет өндірісте жоқ болған жағдайда, олардың жұмыс көлемін игеруге міндетті.

II. Практиканың мазмұны

Студент практика өтетін кәсіпорын басшылығымен әрбір студенттің жеке тапсырмасы, істелінетін жұмысы анықталады. Кәсіпорынның ерекшелігі кешенді картографиялық жұмыстардың бағытын анықтайды. Студент кәсіпорынның толық технологиялық жұмыс циклдарымен танысады.

Жұмыстың алғашқы кезеңінде картографиялық материалдарға шолу және талдау жасалынады, соның ішінде: түсірім материалдарына, геодезиялық, ара қашықтан зерделеу және статистикалық мәліметтеріне, лабораториялық талдаудың нәтижелеріне т.б.

Картографиялық кәсіпорынның жабық түріне байланысты, студент есеп беруде карта құрастыру кезінде қандай көздер пайдаланғанын және мәліметтердің талдану және өңделген технологиясын көрсету керек.

Картаны құрастыру кезінде студент картографиялық проекциялардың ерекшеліктерін, оларды құрастыру әдісін және проекциялардың сызылу тәсілдерін таңдап, оларды құрастыруды меңгеруі қажет. Жұмыстың бұл кезеңінде әр түрлі проекцияларды пайдалану барысында практикалық игеру қабылеттері қалыптасу керек. Жұмыста пайдаланған проекциялардың тізімін келтіріп, олардың әр қайсысының ерекшеліктерін көрсету керек.

Жұмыстың негізгі кезеңі карта құрастыруда: бейнелеудің негізгі нақты әдістемелерін пайдалану, картаның қосымша маңыздылығын анықтау, бейнелеу тәсілдерін таңдау.

Студент баспа бөлімнің технологиясын көрсетуі керек. Есеп беру барысында құрастырған карта мазмұнының барлық жасалу кездерін толық көрсетуі қажет. Геоақпараттық технологияларды, жаңа ақпараттық бағдарламаларды міндетті түрде пайдалана отырып олардың барлық құрастыру тәсілін игеруі керек.

Ал геодезиялық кәсіпорындарда практика өткен студенттер геодезиялық жұмыстардың орындалу тәртібін, геодезиялық жұмыстарды жүргізуді, геодезиялық

құралдар мен жаңа аспаптарды меңгеріп қана қоймай, олармен жұмыс жүргізуді толық меңгеруі қажет.

Практиканың өтілуі күнде тексеріліп тұрады.

III. Практиканың есебін жазу және безендіру тәртібі

Практика біткен кезде студент есеп жазып тапсырады. Есепте өткен практиканың барлық кезеңдері көрсетілуі керек. Есепте құрастырылған карта немесе оның фрагменті, геодезиялық сызбалар, бағдарламалармен жұмыс істеу кезеңдері толық келтірілуі керек.

Практика біткен кезде студент есеп жазу керек. Есепке келесі мәліметер кіреді.

1. Қысқаша түсініктеме
2. Практика журналы
3. Күнделік

Барлық есептің графикалық материалдары тәртіппен орындалу керек.

Барлық жазулар, сызбалар тәртіптерге сәйкес нақты көріну керек. Дұрыс жазылмаған есеп қабылданбайды. Барлық есеп материалдарына студент және кәсіпорынның басшылығының қолы қойылады. Есеп папкада тәртіп бойынша безендірілу керек.

Практика аяқталғанда есепті практика жетекшісі мен кафедра оқытушылары қабылдайды.

Студенттің алған бағасы ведомостқа, сынақ кітабына және практика күнделігіне қойылып, практиканың қорытындысы туралы жазылады.

Практиканы өтетін орындар (Келісім шарт бойынша)

Академиялық саясаты

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.

Бағалау кезінде студенттердің практикадаға белсенділігі мен қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады.

Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Студенттердің білімін баллдық жүйемен есептеу

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанақаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	« Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	« Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу